

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ШЕТ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІ
ММ «БАЛБӨБЕК» БӨБЕКЖАЙЫ» КМҚК-НЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ
БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Жалпы сипаттағы өлшемшарттар

- 1. Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" және "Білім туралы" заңдарының талаптарына сәйкестігі**
«Балбөбек» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады. Білім беру ұйымының құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес рәсімделген. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама «Рұқсаттар және хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі» ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта берілген.

Білім беру қызметінің басталғаны туралы № KZ20RVK00035629 талон 2021 жылғы 4 тамызда берілген. Бұл құжат мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында қызметті заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асыру құқығын растайды.

Сілтеме: [1765278421231.pdf](https://www.eGov.kz/ruqsat/1765278421231.pdf)

Анықтама/ заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, берілген уақыты 2021 жыл 14.01;

Анықтама көшірмесі, **Сілтеме:** [1765278255413.pdf](https://www.eGov.kz/ruqsat/1765278255413.pdf)

- 2. Білім беру ұйымы басшысының "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) бекітілген педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі**

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК меңгерушісі **Бақтыбаева Қырмызы Даулбайқызы** Қарағанды облысы білім басқармасының «Шет ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің **2022 жылғы 14 қарашадағы №155-ж/қ бұйрығымен** білім беру ұйымының басшысы лауазымына тағайындалған. Білім беру ұйымы басшысының білімі, кәсіби даярлығы, еңбек өтілі және атқаратын лауазымы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген **«Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары»** талаптарына сәйкес келеді. (2025–2026 оқу жылында білім беру ұйымының басшысы **«Басшы-менеджер»** біліктілік санатын алу (растау) мақсатында аттестаттау рәсіміне қатысты. Педагогтердің білімін бағалау кезеңінен (ПББ) сәтті өтіп, аттестаттауға қажетті портфолио материалдары мен растайтын құжаттары Қазақстан Республикасының электрондық үкіметінің **eGov** порталы арқылы белгіленген тәртіппен жүктелді).

Сілтеме: [1765277794407.pdf](https://www.eGov.kz/ruqsat/1765277794407.pdf)

- 3. Мектепке дейінгі ұйым түрінің "Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 503 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген) сәйкес білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі.**

«Балбөбек» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және **2021 жылғы 8 қаңтардағы №27 бұйрығымен** бекітілген Жарғысына сәйкес жүзеге асырады. Білім беру ұйымының ұйымдық-құқықтық нысаны мен қызмет түрі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013

жылғы 22 ақпандағы №503 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына» (кейінгі өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) сәйкес айқындалған. Ұйымның атауы мен қызмет бағыты Номенклатураның «Мектепке дейінгі ұйымдар» бөлімінде көрсетілген «бөбекжай» түріне сәйкес келеді. Білім беру ұйымы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырады және өз қызметін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес ұйымдастырады.

Сілтеме: [1765278085327.pdf](https://www.zira.kz/ru/1765278085327.pdf)

Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасы

Ескертпе. Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 726 бұйрығымен жаңа редакцияда берілген (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 87 (2024 жылғы 29 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі), 2024 жылғы 28 маусымдағы № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2026 жылғы 3 наурыздағы № 56-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен енгізілген өзгерістермен толықтырылған.

Тиісті үлгілер бойынша білім беру ұйымдарының түрлері:

1. Мектепке дейінгі ұйымдар:

1) бөбекжай.

4. Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарлары мен алқалы органдар отырыстары хаттамаларының болуы және олардың қызметінің: "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5229 болып тіркелген), "Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15584 болып тіркелген), "Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33285 болып тіркелген), "Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген) талаптарына сәйкестігі

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар жасалған. Білім беру процесі жылдық жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырылып, жоспарға сәйкес педагогикалық, оқу-әдістемелік, тәрбие жұмыстары, мониторинг, бақылау және кәсіби дамыту шаралары жүйелі түрде жүзеге асырылады. Білім беру ұйымында алқалы басқару органдарының қызметі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңестің жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген қағидаларға сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары бекітіліп, отырыстары белгіленген мерзімде өткізіледі, қабылданған шешімдер хаттамалармен рәсімделіп, орындалуына бақылау жүргізіледі. Білім беру ұйымында қамқоршылық кеңестің қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған. Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілген, жұмыс жоспары әзірленген, отырыстары өткізіліп, хаттамалары рәсімделеді. Оқу-әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы

№253 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Әдістемелік қызметтің жылдық жоспары бекітілген, әдістемелік кеңес отырыстары, семинарлар, шеберлік сағаттары, тәжірибе алмасу жұмыстары жоспарлы түрде өткізіліп, тиісті хаттамалармен рәсімделеді. Педагогтердің кәсіби қызметінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Педагогикалық әдеп қағидалары басшылыққа алынады. Ұйымда педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіліп, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің қызметі ұйымдастырылған. Кеңес отырыстарының жоспарлары мен хаттамалары белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Жылдық жұмыс жоспары, педагогикалық кеңес, қамқоршылық кеңес, оқу-әдістемелік кеңес және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жоспарлары мен хаттамалары білім беру ұйымында сақталып, жүйелі түрде жүргізіледі.

Сілтеме: <https://krgu.edu.kz/loader/fromorg/618/9591>

5. Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткендігін растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі

2025–2026 оқу жылында «Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да барлығы **30 педагог** қызмет атқарады. Оның ішінде: меңгеруші – 1, әдіскер – 1 (вакант), тәрбиеші – 18, педагог-психолог – 1, музыка жетекшісі – 2, дене шынықтыру нұсқаушысы – 1, қазақ тілі педагогі – 1, логопед – 1, дефектолог – 1, педагог-ассистент – 3. Оқу жылы барысында бала күтіміне байланысты әлеуметтік демалысқа **2 педагог** шыққан. Педагогикалық ұжымның білім деңгейіне жүргізілген талдау нәтижесінде **19 педагогтың (63%) жоғары педагогикалық білімі, 11 педагогтың (37%) арнайы орта педагогикалық білімі** бар. Сонымен қатар, **3 педагог жоғары оқу орнында білім алуды жалғастыруда**, ұжымда **2 жас маман** қызмет атқарады. Педагогтердің штаттық кестесіне сәйкес ұйымдағы барлық педагогтердің тиісті бейін бойынша педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қызметпен айналысуға құқық беретін құжаттары рәсімделген. Жоғары білім алып жатқан педагогтер оқуын өндірістен қол үзбей жалғастыруда, бұл олардың кәсіби деңгейін одан әрі арттыруға бағытталған. Кадрлық құрам тұрақты, педагогтердің білім деңгейі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын қамтамасыз етуге жеткілікті. Педагогтердің біліктілігін арттыру, аттестаттау және кәсіби дамуына жағдай жасау бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілуде.

Бағаланатын уақыт кезеңіне педагогтардың штаттық кестесі,

Сілтеме: <https://krgu.edu.kz/loader/fromorg/618/9598>

6. Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін кемінде 5 (бес) жылда бір рет (оның ішінде басшылар – кемінде 3 (үш) жылда бір рет) арттыруы немесе растауы бойынша үлесі

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да педагогтердің біліктілік санатын арттыру немесе растау жұмыстары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің педагогтерді аттестаттау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылған.

2025–2026 оқу жылында педагогикалық ұжымның біліктілік санаттарына жүргізілген талдау нәтижесінде: **1 педагог (3%) – «Педагог-зерттеуші», 5 педагог (17%) – «Педагог-сарапшы», 15 педагог (50%) – «Педагог-модератор», 9 педагог (30%) – «Педагог»** санатына ие. Соңғы төрт жылдағы көрсеткіштер педагогтердің кәсіби деңгейінің тұрақты өсу динамикасын көрсетеді. Атап айтқанда, «Педагог-модератор» санатындағы педагогтер саны 2023 жылғы 4 педагогтен 2026 жылы 15 педагогке дейін артқан. Сондай-ақ «Педагог-сарапшы» санатындағы педагогтер саны өсіп, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және жоғары санаттарға өту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілген.

2025–2026 оқу жылында білім беру ұйымының басшысы мен педагогтері біліктілік санатын беру (растау) рәсіміне қатысты. Атап айтқанда, Бақтыбаева Қырмызы Даулбайқызы – «Басшы-менеджер», педагог – психолог Шашалова Гульден Ермековна және тәрбиеші Касымова Айнур Булатовна – «Педагог-зерттеуші», тәрбиешілер Сартбаева Айнагуль Мукаметжановна, Курумбаева Халима Аманкуловна, Сансызбайқызы Қарақат – «Педагог-сарапшы», тәрбиеші Салгиева Майгул Таніберліқызы, логопед Халиманова Жарқынай Әбенқызы, дене тәрбиесі нұсқаушысы Жұмағұлов Азат Болатұлы – «Педагог-модератор» біліктілік санатына ПББ-дан

сәтті өтті. Аттестаттауға қажетті портфолио материалдары мен растайтын құжаттар уәкілетті органның электрондық платформасына белгіленген тәртіппен толық көлемде жүктелді және қаралуда. Педагогтердің біліктілік санатын уақытылы арттыру және растау бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізіліп, педагогтердің кәсіби дамуына тұрақты жағдай жасалған.

Сілтеме: 1784654641287.pdf

7. Педагогтердің (оның ішінде басшылар мен олардың орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан кемінде 3 (үш) жылда бір рет өткен үлесінің сәйкестігі

Білім беру ұйымында педагогтердің, оның ішінде басшы мен оның орынбасарларының біліктілігін арттыру курстарынан өтуі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес ұйымдастырылған. Ұйымның барлық педагогтері, оның ішінде басшы және оның орынбасарлары біліктілікті арттыру курстарынан кемінде үш жылда бір рет белгіленген мерзімде өтіп отырады. Біліктілікті арттыру курстары педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, заманауи білім беру технологияларын меңгеруге және білім беру сапасын арттыруға бағытталған. Педагогтар біліктіліктерін мен кәсіби шеберлігін арттыру курстарынан «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ, ЖШС «DARYN USTAZ» ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ, Қазақстандық Қайта Даярлау және Біліктілікті Арттыру Орта лығы "Bilimzet, ҚР ОАМ "Балаларды ерте дамыту институты" - да өтеді. Курстардан өткенін растайтын құжаттар білім беру ұйымында сақталған және белгіленген тәртіппен ұсынылады. Осыған байланысты, педагогтердің (оның ішінде басшы мен оның орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан кемінде үш жылда бір рет өту көрсеткіші нормативтік талаптарға толық сәйкес келеді.

Сілтеме: 1784654641287.pdf

Тәрбиеленушілер контингентіне қойылатын өлшемшарттар

8. "Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да тәрбиеленушілердің жас топтарын қалыптастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. 2023–2024, 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарында тәрбиеленушілер оқу жылының басындағы жас ерекшеліктеріне сәйкес кіші, ортаңғы, ересек және мектепалды даярлық топтарына бөлініп, топтар қолданыстағы нормативтік талаптарға сай жасақталды. Топтарды қалыптастыру барысында тәрбиеленушілердің жасы, жеке даму ерекшеліктері және ерекше білім беру қажеттіліктері болған жағдайда ПМПК қорытындылары ескерілді. Тәрбиеленушілердің қабылдануы, келесі жас тобына ауыстырылуы және топтардың толықтырылуы «Indigo» ақпараттық жүйесі арқылы қолданыстағы тәртіпке сәйкес рәсімделеді. Жыл бойында тәрбиеленушілердің қозғалысы заңды өкілдерінің өтініштері негізінде жүргізіліп, бос орындар уақтылы жарияланып, контингент тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Топтың атауы	Жас ерекшелігі	Балалардың саны	Оның ішінде			
			2 жас	3 жас	4 жас	5 жас
2023 – 2024 оқу жылы						
1	«Жұлдызай»	Кіші топ	20	20		
2	«Күншуақ»	Кіші топ	20	20		
3	«Бөбек»	Кіші топ	20	20		

4	«Балапан»	Ортаңғы топ	25		25			
5	«Қарлығаш»	Ортаңғы топ	25		25			
6	«Құлыншақ»	Ересек топ	25			25		
7	«Құлпынай»	Ересек топ	25			25		
8	«Ақбота»	Мектепалды даярлық топ	25				25	
2024 – 2025 оқу жылы								
1	«Ақбота»	Кіші топ топ	20	20				
2	«Құлпынай»	Кіші топ топ	20	20				
3	«Күншуақ»	Ортаңғы топ	25	20				
4	«Бөбек»	Ортаңғы топ	25		25			
5	«Құлыншақ»	Ортаңғы топ	20		25			
6	«Балапан»	Ересек топ	25			25		
7	«Қарлығаш»	Ересек топ	25			25		
8	«Жұлдызай»	Мектепалды даярлық топ	25				25	
2025 – 2026 оқу жылы								
	«Жұлдызай»	Кіші топ	20	20				
	«Қарлығаш»	Кіші топ	20	20				
	«Ақбота»	Ортаңғы топ	25		25			
	«Құлпынай»	Ортаңғы топ	25		25			
	«Құлыншақ»	Ересек топ	25			25		
	«Бөбек»	Ересек топ	25			25		
	«Күншуақ»	Ересек топ	25			25		
	«Балапан»	Мектепалды даярлық	20				20	

9. Балалардың жасын ескере отырып, Үлгілік қағидаларға сәйкес жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы

Топ атауы	Тәрбиеленушілердің қозғалысы туралы мәлімет			
	Оқу жылының басындағы балалар саны	Оқу жылында келген балалар саны	Оқу жылында кеткен балалар саны	Оқу жылының аяғындағы балалар саны
2023 – 2024 оқу жылы				
«Жұлдызай» кіші	20	2	3	20
«Күншуақ» кіші	19	2	1	20
«Бөбек» кіші	20	3	3	20
«Балапан» ортаңғы	25	2	2	25
«Қарлығаш» ортаңғы	25	0	3	25
«Құлыншақ» ересек	25	3	3	25

«Құлпынай» ересек	23	2		25
«Ақбота» МАД	25	1		24
2024 – 2025 оқу жылы				
«Ақбота» кіші	20	2	1	19
«Құлпынай» кіші	20	3	1	20
«Күншуақ» ортаңғы	25	9	5	25
«Бөбек» ортаңғы	25	1	1	25
«Құлыншақ» ортаңғы	25	9	4	20
«Балапан» ересек	25	2	1	24
«Қарлығаш» ересек	25			25
«Жұлдызай» МАД	20	5		25
2025 – 2026 оқу жылы				
«Жұлдызай» кіші	20	8	1	
«Қарлығаш» кіші	20	11	2	
«Ақбота» ортаңғы	25	5	3	
«Құлпынай» ортаңғы	25	2		
«Құлыншақ» ересек	25	5	3	
«Бөбек» ересек	25			
«Күншуақ» ересек	25	3	3	
«Балапан» МАД	20	4	7	

Тәрбиеленушілер қозғалысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымға тәрбиеленушілерді қабылдау, ауыстыру және шығару рәсімдері қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастырылған. Жыл бойы тәрбиеленушілердің қозғалысы (қабылдау, шығару, басқа ұйымға ауысу, мектепке кетуі және басқа да себептер бойынша) заңды өкілдерінің өтініштері негізінде «Indigo» электрондық жүйесі арқылы рәсімделеді. Тәрбиеленуші ұйымнан шығарылған жағдайда электрондық жүйеде бос орындар уақытылы орналастырылып, кезектілік тәртібі сақтала отырып жаңа тәрбиеленушілерді қабылдау қамтамасыз етіледі. Барлық өзгерістер электрондық платформада тіркеліп, тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы тұрақты түрде жаңартылып отырады. Жүргізілген талдау нәтижесінде тәрбиеленушілердің қозғалысын ұйымдастыру, бос орындарды жариялау және қабылдау рәсімдері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығының талаптарына толық сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды. Бұл мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілер контингентін қалыптастырудың ашықтығын, заңдылығын және ақпараттық жүйе арқылы жүргізілетін есептің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Сілтеме: [1784654753398.pdf](#) 2023 – 2024 оқу жылы;
[1784654823407.pdf](#) 2024 – 2025 оқу жылы;
[1784654861261.pdf](#) 2025 – 2026 оқу жылы;

10. Ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі – ЕББҚ) бар тәрбиеленушілер болған жағдайда, Үлгілік қағидаларға сәйкес топтарды жинақтау талаптарының сақталуы Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер:

Топтың атауы	Балалар	Оның ішінде ЕБҚБ
--------------	---------	------------------

	саны		
2023 – 2024 оқу жылы			
«Балапан» ортаңғы тобы	25	Қайыркельды Айтөре Кеңесбек Сардар	
«Құлыншақ» ересек тобы	25	Рымқұл Айзере Бапыл Нұржігіт	
«Құлпынай» ересек тобы	25	Киікбай Гүлназ Төлеген Әлихан Хамит Дәулет Тасболат Бейбарыс	
«Ақбота» МАД тобы	25	Қайыркен Мәди Жандосұлы Аян Қамбар Бейбарыс Мусахметова Аймира Дәуренұлы Дінмұхаммед Аяпбергенова Асылай	
2024 – 2025 оқу жылы			
«Бөбек» ортаңғы тобы	25	Дулатбек Аяла Келсімбек Нұрислам Мейрам Ескендір	
«Қарлығаш» ересек тобы	25	Еркімбай Айару Төлеу Айым Кәрігүл Әмина Кеңесбек Сардар	
«Балапан» ересек тобы	25	Ерболұлы Елнар Оразбай Нұрали	
«Құлыншақ» ортаңғы тобы	20	Қанат Айбибі	
«Күншуақ» ортаңғы тобы	25	Сабыржан Амина	
«Жұлдызай» МАД тобы	25	Бапыл Нұржігіт Киікбай Гүлназ Төлеген Әлихан Тасболат Бейбарыс Айтжан Жасмин	
2025 – 2026 оқу жылы			
«Қарлығаш» кіші тобы	20	Өмірбай Ақмамық	
«Жұлдызай» кіші тобы	19	Марат Айсұлтан	
«Құлыншақ» ересек тобы	20	Иманбай Арман (педагог-ассистент) Дулатбек Аяла Қанат Айбибі (педагог-ассистент)	
«Бөбек» ересек тобы	25	Мейрам Ескендір Келсімбек Нұрислам	
«Күншуақ» ересек тобы	25	Сабыржан Амина (педагог-ассистент)	
«Балапан» МАД тобы	20	Кеңесбек Сардар (педагог-ассистент) Ерболұлы Елнар Кәрігүл Әмина Төлеу Айым (педагог-ассистент)	

2023–2024, 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарында мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар тәрбиеленушілерді топтарға қабылдау және орналастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің мектепке дейінгі ұйымдар қызметін ұйымдастыру жөніндегі Үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылды. 2023–2024 оқу жылында ұйымда 14 ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленуші тәрбиеленді.

Олар жас ерекшеліктеріне сәйкес ортаңғы, ересек және мектепалды даярлық топтарына орналастырылып, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) ұсынымдары негізінде білім алды. 2024–2025 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілердің контингенті жаңартылып, балалар ортаңғы, ересек және мектепалды даярлық топтарына жас ерекшеліктеріне сәйкес жинақталды. Барлық тәрбиеленушілер үшін облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) қорытындылары негізінде мектепке дейінгі бейімделген жалпы білім беру оқу бағдарламалары әзірленіп, іске асырылды. 2025–2026 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілер кіші, ересек және мектепалды даярлық топтарына жас ерекшеліктеріне сәйкес орналастырылды. Әрбір тәрбиеленушіге ПМПК қорытындысына сәйкес мектепке дейінгі бейімделген жалпы білім беру оқу бағдарламалары әзірленіп, педагогтер мен мамандар тарапынан жүйелі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетілуде. Соңғы үш оқу жылындағы мәліметтер ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілерді қабылдау, топтарға жасақтау және оқыту процесінің қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастырылғанын көрсетеді. Топтарды жинақтау барысында тәрбиеленушілердің жас ерекшелігі, білім беру қажеттілігі және ПМПК ұсынымдары ескерілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін бейімделген оқу бағдарламалары уақытылы әзірленіп, олардың сапалы білім алуы мен әлеуметтік бейімделуіне қажетті жағдайлар жасалған. 2025–2026 оқу жылында ПМПК қорытындысына сәйкес ерекше білім беру қажеттілігі бар 5 тәрбиеленушіге педагог-ассистент қызметі ұйымдастырылды. Педагог-ассистенттер тәрбиеленушілердің жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу қызметіне қатысуына, оқу материалын меңгеруіне, қарым-қатынас және әлеуметтік дағдыларын дамытуына, күн тәртібі барысында өздігінен әрекет ету қабілеттерін қалыптастыруға қолдау көрсетуде. Сонымен қатар, педагог-ассистенттердің жұмысы тәрбиешілермен, арнайы педагогтермен, психологпен және ата-аналармен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылып, әрбір тәрбиеленушінің жеке даму бағытына сәйкес сүйемелдеу қамтамасыз етілуде.

Сілтеме: <https://krgu.edu.kz/loader/fromorg/618/9603>

Оқу-әдістемелік жұмысқа қойылатын өлшемшарттар

- 11. Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі – МЖМБС),**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) (бұдан әрі – УОЖ), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – УОБ) талаптарына сәйкестігі

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да тәрбиелеу-білім беру процесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына (УОЖ) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (УОБ) сәйкес ұйымдастырылған. Тәрбие-білім беру қызметі тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып жоспарланады. Ұйымда перспективалық жоспарлар, циклограммалар, ұйымдастырылған іс-әрекет жоспарлары және тәрбиеленушілердің дағдыларын дамыту мониторингі қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер мен «2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сәйкес

әзірленіп, жүйелі түрде жүргізіледі. Білім беру процесін ұйымдастыру барысында психологиялық жайлылық, баланың жан-жақты дамуы, мәдени әртүрлілікті сақтау, білім беру салаларын кіріктіру және кешенді-тақырыптық жоспарлау қағидаттары толық сақталады. Бұл қағидаттар тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай қолайлы дамытушы орта қалыптастыруға, олардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуын кешенді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бағаланатын кезеңдегі оқу-жоспары

Сілтеме: <https://krguoedu.kz/loader/fromorg/618/9602>

Бағаланатын кезең үшін әзірленген және бекітілген білім беру бағдарламалары (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша)

Сілтеме <https://krguoedu.kz/loader/fromorg/618>

Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары және тәрбие-білім беру процесінің циклограммасы

Сілтеме: <https://krguoedu.kz/loader/fromorg/618/9490> 2023-2024 оқу жылы;
<https://krguoedu.kz/loader/fromorg/618/9491> 2024-2025 оқу жылы;
<https://krguoedu.kz/loader/fromorg/618/9492> 2025-2026 оқу жылы;

12. Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС көзделген балалар қызметінің түрлерін ұйымдастырудың қамтамасыз етілуі

"Балбөбек" бөбекжайы" КМҚК-да 2023–2024, 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарында тәрбиелеу-білім беру процесі Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС) талаптарына сәйкес ұйымдастырылды. Әрбір жас тобына арналған күн тәртібі бөбекжай меңгерушісімен бекітіліп, оқу жылы бойы толық көлемде сақталды.

Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған күн тәртібі

Сілтеме <https://krguoedu.kz/loader/fromorg/618/9606>

Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған қызметті бөлу

Сілтеме: <https://krguoedu.kz/loader/fromorg/618/9601>

13. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін, балаларға қызмет түрлерін және бірлескен іс-әрекет қатысушыларын тандауға мүмкіндік беретін дамытушы ортаның құрылуы

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және тұтас дамуын қамтамасыз ететін дамытушы заттық-кеңістіктік орта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған.

Бөбекжайда 8 топ жұмыс істейді. Әрбір топта тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына және жеке даму қажеттіліктеріне сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік орта қалыптастырылған. Дамытушы орта қауіпсіздік, қолжетімділік, икемділік, вариативтілік және көпфункционалдық қағидаттарына сәйкес ұйымдастырылған. Барлық жиһаздар мен ойын құралдары балалардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалып, санитариялық талаптарға сәйкес орналастырылған. Оқу жылы барысында орталықтар жаңа дидактикалық материалдармен, ойын құралдарымен, көрнекіліктермен, табиғи және қалдық материалдармен жүйелі түрде толықтырылып, жаңартылып отырады.

Сілтеме: [1784655026238.pdf](https://krguoedu.kz/loader/fromorg/618/9602)

14. ЕББҚ бар балаларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін Үлгілік қағидаларға сәйкес арнайы жағдайлардың жасалуы

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мүмкіндігі шектеулі тәрбиеленушілерге білім алу үшін арнайы жағдайлар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларына сәйкес ұйымдастырылған. ЕББҚ бар тәрбиеленушілер психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) және облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) қорытындылары негізінде тәрбиелеу-білім беру процесіне қатыстырылып, олардың жеке білім беру қажеттіліктеріне сәйкес мектепке дейінгі бейімделген жалпы білім беру оқу бағдарламалары іске асырылады. Ұйымда тәрбиеленушілер үшін қолжетімді, қауіпсіз және дамытушы білім беру ортасы қалыптастырылған. Педагогтер оқыту мен тәрбиелеуде сараланған және жеке тәсілдерді қолданады, тәрбиеленушілерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму динамикасына тұрақты мониторинг жүргізіліп, ата-аналармен (заңды өкілдермен) жүйелі өзара байланыс орнатылған.

Сілтеме: <https://krgu.edu.kz/loader/fromorg/618/9607>

15. ҮОБ мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау бойынша мониторинг нәтижелерінің болуы

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (ҮОБ) мазмұнын меңгеру деңгейін айқындау мақсатында тәрбиеленушілердің білім, білік, дағдыларына тұрақты мониторинг жүргізіледі.

Мониторинг оқу жылының басында (бастапқы), ортасында (аралық) және соңында (қорытынды) балалардың даму мониторингі арқылы жүзеге асырылады. Бағалау нәтижелері әр тәрбиеленушінің жеке даму картасына енгізіліп, педагогтер тарапынан талданып, келесі оқу кезеңіне арналған жеке және топтық түзету жұмыстары жоспарланады.

Мониторинг барысында тәрбиеленушілердің физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларының даму деңгейі анықталады. Жүргізілген талдау нәтижелері тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес күтілетін нәтижелерді кезең-кезеңімен меңгеріп келе жатқанын көрсетті.

Мониторинг қорытындылары педагогикалық кеңестерде қаралып, білім беру процесін жетілдіру, тәрбиеленушілердің жеке даму траекториясын айқындау және ата-аналармен кері байланысты ұйымдастыру барысында пайдаланылады.

Сілтеме: <https://krgu.edu.kz/loader/fromorg/618/9597>

16. Жеке даму картасында бақылау нәтижелері (бастапқы, аралық, қорытынды) бойынша іс-шаралардың жүргізілуі

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да тәрбиеленушілердің жеке даму карталары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізіледі.

Әрбір тәрбиеленушіге жеке даму картасы рәсімделіп, оқу жылының басында (бастапқы), ортасында (аралық) және соңында (қорытынды) жүргізілген бақылау нәтижелері жүйелі түрде енгізіледі. Бақылау барысында тәрбиеленушінің физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және эмоционалдық дағдыларының даму деңгейі бағаланады.

Бақылау нәтижелері негізінде педагогтер әрбір тәрбиеленушінің жеке ерекшеліктері мен даму қажеттіліктерін ескере отырып, жеке және топтық түзету-дамыту іс-шараларын жоспарлайды. Қажет болған жағдайда ата-аналарға (занды өкілдерге) ұсынымдар беріліп, бірлескен жұмыстар ұйымдастырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер бойынша ПМПК/ОПМПК ұсынымдары ескеріліп, жеке қолдау шаралары жүзеге асырылады.

Жеке даму карталарындағы бақылау нәтижелері педагогикалық кеңестерде талданып, тәрбиелеу-білім беру процесін жетілдіру, тәрбиеленушілердің даму динамикасын бақылау және келесі кезеңдегі жұмысты жоспарлау үшін пайдаланылады.

Жүргізілген талдау нәтижесінде тәрбиеленушілердің жеке даму карталарында бастапқы, аралық және қорытынды бақылау нәтижелерінің толық рәсімделетіні, олардың негізінде қажетті іс-шаралар жоспарланып, жүйелі түрде іске асырылатыны анықталды. Бұл жұмыс қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына толық сәйкес жүргізіледі.

Сілтеме: <https://krgu.edu.kz/loader/fromorg/618/9600>

17. Оқу жылының басына қарай тәрбиеленушілерді жас топтарына ауыстыру және оларды Үлгілік қағидаларға сәйкес қалыптастыру талаптарының сақталуы

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да тәрбиеленушілерді оқу жылының басында жас топтарына ауыстыру және топтарды қалыптастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жыл сайын жаңа оқу жылы басталғанға дейін тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері ескеріліп, олар белгіленген жас санатына сәйкес келесі топтарға ауыстырылады. Топтарды қалыптастыру кезінде тәрбиеленушілердің жасы, даму ерекшеліктері, ерекше білім беру қажеттіліктері болған жағдайда ПМПК қорытындылары және топтардың нормативтік толықтырылуы ескеріледі. Тәрбиеленушілердің қозғалысы «Indigo» ақпараттық жүйесінде уақтылы рәсімделіп, қабылдау, ауыстыру және шығару жұмыстары заңды өкілдердің өтініштері негізінде жүргізіледі. Жас топтарының құрамы оқу жылының басында бекітіліп, тәрбие-білім беру процесі тиісті жас тобына арналған Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша ұйымдастырылады.

Сілтеме: <https://krgu.edu.kz/loader/fromorg/618/9605>

18. Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту
«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да тәрбиеленушілердің ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылып, отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы өзара ынтымақтастық нығайтылған.

Оқу жылы барысында «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жобалары аясында ұлттық тәрбие, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру және тәжірибе алмасуға бағытталған іс-шаралар өткізілді. Аталған жұмыстарға ата-аналар мен отбасы мүшелері белсенді қатысып, балалардың тәрбиесі мен дамуына бірлескен жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етті.

Мектепке дейінгі ұйым жанынан Консультациялық пункт жұмыс істейді. Консультациялық пункт арқылы ата-аналарға баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелеу, оқыту, дамыту, мектепке психологиялық даярлау, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау мәселелері бойынша әдістемелік және консультативтік көмек көрсетіледі.

Жылдық жоспарға сәйкес ата-аналар жиналыстары тұрақты өткізіліп, онда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру, тәрбиеленушілердің даму мониторингінің нәтижелері, қауіпсіздік, денсаулықты сақтау, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны және отбасы мен ұйымның бірлескен жұмысы мәселелері қарастырылады. Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері ескеріліп, кері байланыс орнатылған.

Сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/DWEhr4gjDS7/?igsh=czd2dnc4bG93cXcx>

<https://www.instagram.com/reel/DV74BBJDMFv/?igsh=MXN5bXc5bnN2MG9xdQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DVQ5HIYjFw4/?igsh=MTIxN2RnZHcwc242Nw==>
<https://www.instagram.com/reel/DVQ4sccDFQ8/?igsh=MW12MTdhaGg2cXlyZA==>
<https://www.instagram.com/reel/DVQ4eSHDN56/?igsh=MWFwNzgzcZVuaXN4OA==>
https://www.instagram.com/p/DEmdOM5MYhP/?img_index=2&igsh=bmlyMTZ5N3lvNWNt
<https://www.instagram.com/p/DEmbiahs1KL/?igsh=MXE0eTdvbno1cHdqOQ==>
<https://www.instagram.com/reel/DU2ZXy0DCpo/?igsh=MXM1eGVqY3VtcTN0Yw==>

Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын өлшемшарттар

- 19. Мектепке дейінгі ұйымдардың жабдықтары мен жиһазының "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) бекітілген жарақтандыру нормаларына сәйкестігі (бұдан әрі – Жарақтандыру нормалары)**

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-ның материалдық-техникалық базасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларының» талаптарына сәйкес қалыптастырылған. Мектепке дейінгі ұйымдағы топ бөлмелері тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес балалар жиһазымен, оқу-ойын жабдықтарымен, ойыншықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен, көрнекіліктермен, дамыту материалдарымен, жұмсақ мүкәммалмен және тұрмыстық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Әр топта оқу, ойын, шығармашылық, кітап оқу, құрастыру және тәжірибелік қызметке арналған дамыту орталықтары ұйымдастырылған.

Музыка және дене шынықтыру ҰІӨ өткізуге қажетті құрал-жабдықтар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, кеңсе және ұйымдастыру техникасы, медициналық кабинет, ас блогы және басқа да қызметтік бөлмелер қолданыстағы жарақтандыру нормаларына сәйкес жабдықталған. Жиһаздар мен жабдықтардың санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі және қауіпсіз пайдаланылуы тұрақты бақылауда. Материалдық-техникалық база кезең-кезеңімен жаңартылып, толықтырылып отырады. Жабдықтар мен жиһаздар тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін, денсаулығын сақтауды, жан-жақты дамуын және сапалы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Сілтеме: 1784655026238.pdf

<https://krgu.edu.kz/loader/fromorg/618/9604>

- 20. "Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік жағдайларының сақталуы**

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының білім беру саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық» талаптарына сәйкес қауіпсіздік шаралары ұйымдастырылған. Бөбекжай ғимараты мен аумағында тәулік бойы жұмыс істейтін бейнебақылау жүйесі орнатылған. Ұйымда барлығы 50 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді, оның ішінде 42 ішкі бейнекамера, 8 сыртқы бейнекамера. Терроризмге қарсы қорғанысты күшейту мақсатында бейнебақылау жүйесінің 8 камерасы жедел басқару орталығына (ЦОУ) қосылған. Бейнекамералар ғимаратқа кіреберістерді, дәліздерді, топтық бөлмелерге кіретін

аймақтарды, эвакуациялық шығу жолдарын, ойын алаңдарын және ұйым аумағын толық қамтиды. Бейнебақылау жүйесі тәулік бойы үздіксіз жұмыс істейді, ал бейнежазбалар 1 ай мерзімде сақталады. Кіру-өткізу режимі ұйымдастырылған. Келушілер арнайы журналға тіркеледі, бөгде адамдардың ұйым аумағына рұқсатсыз кіруіне жол берілмейді.

Ұйымның күзет қызметі «Qalqan Semser 09» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жасалған келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Күзет қызметі ғимараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, дабыл түскен жағдайда жедел әрекет ету шараларын қабылдайды.

Сілтеме: <https://krguoeu.kz/loader/fromorg/618/9608>

Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстарға қойылатын өлшемшарттар

- 21. ҮОБ-ға сәйкес мектепалды даярлықты іске асыратын білім беру ұйымдары үшін "Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 болып тіркелген) сәйкес оқу-әдістемелік кешендердің болуы**

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да мектепалды даярлық тобындағы тәрбиелеу-білім беру процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, жекелеген пәндер бойынша базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған, оның ішінде электрондық нысандағы оқу-әдістемелік кешендердің тізбесіне» сәйкес оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген. Мектепалды даярлық тобында Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін бекітілген оқу-әдістемелік кешендер, әдістемелік құралдар, жұмыс дәптерлері, көрнекілік материалдар, дидактикалық және электрондық ресурстар жүйелі түрде пайдаланылады. Педагогтер оқу қызметін ұйымдастыру барысында оқу-әдістемелік кешендерді тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тиімді қолданады. Оқу-әдістемелік кешендер тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін, тілдік, шығармашылық, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға, сондай-ақ мектепке даярлық деңгейін қалыптастыруға бағытталған. Қажетті оқу-әдістемелік материалдар толық қолжетімді және білім беру процесінде тұрақты қолданылады.

Сілтеме: [1784655069417.pdf](#)

- 22. Жарақтандыру нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы**

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-да тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес қамтамасыз етілген. Топтарда тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес дамыту орталықтары ұйымдастырылған. Олар дидактикалық ойындармен, логикалық және үстел үсті ойындарымен, конструкторлармен, пазлдармен, табиғи және сенсорлық материалдармен, көркем әдебиеттермен, бейнелеу өнеріне арналған құралдармен, музыкалық аспаптармен, театрландырылған ойын атрибуттарымен, ұлттық ойын элементтерімен, спорттық құрал-жабдықтармен және ұсақ әрі ірі моториканы дамытуға арналған ойын материалдарымен жабдықталған. Оқу және ойын материалдары тәрбиеленушілердің сөйлеу мәдениетін, танымдық белсенділігін, логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін, әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын, дербестігін және қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуға бағытталған. Материалдар күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетте, еркін ойын барысында және

жеке жұмыстарда жүйелі түрде қолданылады. Дамытушы орта қауіпсіздік, қолжетімділік, көпфункционалдық және вариативтілік қағидаттарына сәйкес ұйымдастырылған. Оқу және ойын материалдары тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктеріне қарай кезең-кезеңімен жаңартылып, толықтырылып отырады.

Сілтеме: [1784655026238.pdf](#)

23. Тәрбиелеу-білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қамтамасыз етілуі және пайдаланылуы

«Балбөбек» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында (бұдан әрі – Бөбекжай) тәрбиелеу-білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (МЖМБС), сондай-ақ білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес ұйымдастырылған. Стандарт мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнына, оқу жүктемесіне және күтілетін нәтижелеріне қойылатын талаптарды айқындайды.

Бөбекжайда тәрбиеленушілердің сапалы білім алуына қолайлы цифрлық білім беру ортасы қалыптастырылған және материалдық-техникалық база заманауи ақпараттық-коммуникациялық құралдармен қамтамасыз етілген.

Бөбекжайда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру мақсатында:

- топ бөлмелері мен мамандар кабинеттері интерактивті тақталармен;
- музыка залы мультимедиялық проектормен;
- музыкалық орталықтармен;
- тәрбиешілердің жұмыс орындары компьютерлермен және ноутбуктермен жабдықталған.

Педагогтер интерактивті тапсырмалар әзірлеуде және оқу қызметін ұйымдастыру барысында: LearningApps.org, Wordwall, LogicLike, Pinterest, Canva сияқты заманауи цифрлық платформаларды қолданады.

Бұл платформалар тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылығын арттыруға, ойын арқылы оқыту технологияларын тиімді ұйымдастыруға және педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді.

24. Ресми интернет-ресурстың және edu.kz домендік аймағындағы домендік атаудың болуы

balbobek-sadik.edu.kz доменінде орналасқан ресми сайт – «Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК-ның Қазақстан Республикасының бірыңғай цифрлық білім беру кеңістігіндегі ресми ақпараттық алаңы болып табылады. Сайт білім беру процесіне қатысушылардың дербес деректерінің қорғалуын қамтамасыз етеді, мектепке дейінгі ұйым қызметінің ашықтығы мен жариялылығын арттырады, сондай-ақ мемлекеттік органдар, бөбекжай әкімшілігі және ата-аналар арасындағы өзара байланысты жеңілдетіп, тиімді ақпарат алмасуға мүмкіндік береді.

Домендік атау келісім шарты [1784748484443.pdf](#)

Ресми интернет-ресурстың келісім шарты [1784748504377.pdf](#)